

МАЙГАЗИЕВ САКЕН КОРДАБАЙҰЛЫНЫҢ

6D041600 - Өнертану мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)» атты диссертациялық жұмысына

ПІКІР

XXI ғасыр әртүрлі музикалық-стильдік жүйелердің өзара белсенді әрекеттестігі көрініс алған кезең. Осы ерекшелік қазақтың дәстүрлі музикасын жаңа заманауи бағытта дамуына септігін тигізіп, оның орындау үлгісінің жаңаша бір түрлінің енуіне негіз болды. Бұл жаңа орындау үлгісі қазіргі кезде дәстүрлі музыканы насиҳаттаудың бір түрі болып отыр. Осы түрғыдан алғанда, дәстүрлі музыка тыңдаушыларын қалыптастыратын ортаны дамыту мақсаты алға шығып, музикатанушылардан осы музикалық орындау үлгісінің музикалық стильдік теориялық және практикалық негіздерін қарастыруды талап етеді.

С. Майгазиевтың «Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)» зерттеуі дәстүрлі музыканың қазақ эстрада жанрында көрініс табуы жолдарын айқындалап береді.

Диссертацияның «Қазақстандағы этнофольклорлық ансамбльдер музикасындағы ұлттық мәдени негіздер» атты бірінші бөлім үш тараушадан тұрады. Зерттеуші «Көне түркі сарындардағы ансамбльдік өнердің бастаулары» атты бірінші тараушасында ансамбльдік өнердің бастаулған кезеңдерін қарастырады, зерттеуде көне түркі және қытай жазбаларыН. Мыңжани «Қазақтың көне тарихы», Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрк», Хожа Ахмет Яссайдің «Диуани хикмет» еңбектеріне және т.б. зерттеу жұмыстарын қарастырады (қарандыз 14-15 беттер). Бұл еңбектерден зерттеуші топпен орындау үлгісінің қалыптасу кезеңінің орын алғанын және айтыс өнері оның әртүрлі саласының орын алғанын байқайды. Зерттеуде топтық ән айту формаларынан бөлек, ансамбльмен орындалған шығармаларға назар аударып, талдау жүргізеді.

Екінші «Этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығындағы ұлттық музыканың қазіргі интерпретациясы» тараушасында зерттеуші қазіргі Қазақстан эстрадасында жүрген этнофольклорлық ансамбльдердің құрамы мен репертуарларын қарастыра отырып, олардың ең негізгі басты ерекшеліктерін ажыратады. Зерттеуші ансамбльдердің басты ерекшелігі аспап және репертуарында және ұстанған бағыттарын анықтай отырып, оларды жаңа заманауи музикалық бағытта дамушы этнофольклорлық топтар деп тұжырым жасайды, оларды төрт жіктеуге бөліп, анықтама береді.

Бөлімнің соңғы «Ұлттық ән өнерінің даму жолдары» деп аталатын тараушада зерттеуші ән өнерінің қалыптасуы кезеңінен қазіргі жағдайы аралықтарын қарастырады. Әннің тарихын білмей мәдениеттің шынайы

құндылығын түсіну мүмкін емес. Бұл тұрғыда, зерттеушінің өзі орындаушы болып ән өнерінің мәдени-тариhi аспектілерін зерттеуі зандылық. Автор осы сала бойынша музыкатану ғылымында кеңінен зерттелген еңбектерді негізге ала отырып, басты екі мәселеге назар аударады; бірінші, әннің сөзіне, екінші, әннің қазіргі орындалу үлгісіне. Бірінші мәселеде зерттеуші халық әні мен халық композиторларының әнсөздерінің мазмұнына тоқталады, сөздің әншілікте маңызды тұстарын айқындайды. Ал, екінші орындаушылық үлгісінде қазіргі қазақ эстрадасында қазақ әндерін орындау өзгеріске ұшыраған, оған европалық орындау үлгісі ықпал еткен деп топшылайды.

Жұмыстың негізгі де, қомақты екінші және үшінші бөлімдері Қазақстан эстрадасындағы этнофольклорлық ансамбльдердің стиль ерекшеліктері мен репертуар мәселесіне арналған.

«Заманауи қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық топтардың даму тенденциялары» атты екінші бөліміндегі зерттеушінің Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық ансамбльдердің қалыптасу кезендері мен қазіргі эстрада жанрында поліэтникалық және моноэтникалық аспаптардың орын алудын тоқталуын ерекше бөліп айтуды. Зерттеуші поліэтникалық және моноэтникалық аспаптардан құралған этнофольклорлық ұжымдардың бағыт-бағдарын стильдік ерекшеліктеріне тоқталып, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізеді. Зерттеуші шетелдік және отандық музыканттардың экспериментті еңбектеріне жүгіну арқылы поліэтникалық және моноэтникалық аспаптардың эстрада жанрында қолдану ерекшеліктерін салыстырмалы түрде қарастырады, сол арқылы этнофольклорлық аспаптардың орындаушылық мәнерінің негізгі принциптерін аша түсуге барынша тырысады.

С. Майғазиев поліэтникалық аспаптардан құралған этнофольклорлық топтардың қазіргі Қазақстан музыка өнерін әлемге танытқан «Ұлытау» ансамблі туралы көпшілікке мәлім фактілерді келтіре отырып, «Ұлытау» этно-рок тобы – әлемдік аспаптық ансамбльдік музыка саласындағы инновация жасаушы топ деп жазады. Топтың әлемдік аренада көрінуіне қазақтың дәстүрлі музыкасын И.С. Бах, В.А. Моцарт, А. Вивальди, Н. Паганини сияқты сазгерлер шығармаларымен үйлестіріп, заманауи интерпретацияда орындаудында деп тұжырымдайды. Бұл орындаушылық үлгі қазіргі кезде басқа этнофольклорлық топтардың құрылуына септігін тигізгенін дәлелдеп жазады.

Диссертацияның үшінші бөлімі «Қазақстан этнофольклорлық ансамбльдер репертуарына тән музыкалық стильдік үдеріс» деп аталады. Ізденуші аталған бөлімде «Дос-Мұқасан», «Роксонаки», «Ұлытау», «The Magic of Nomads», «Алдаспан», «Қоңыр», «Шапағат» және т.б. ансамбльдер репертуарларына назар аударады. Зерттеуші ансамбльдер репертуарындағы халық композиторларының әндері мен халық әндерін эстрадалық өндеулерге енгізгенде қандай көркем тәсілдерге сүйенгендігін кеңірек қарастырады. Әр ансамбльдің шығармаларына музыкалық-теориялық талдау жұмысын жүргізеді. Нәтижесінде «Ұлытау» және «Алдаспан» топтары таза шығарма ойнайтындары, «Дос-Мұқасан», «Роксонаки», «The Magic of Nomads»,

«Қоңыр», «Шапағат» топтары вокалдық инструменталды топтар екенін, олардың орындаушылық стиль ерекшеліктерін айқындайды.

Диссертацияның маңыздылығын саралай отырып, зерттеушінің төмендегі ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізгені туралы қысқа да нақты түрде тұжырымдаймыз:

- 1) Ансамбльдік өнердің қазіргі кезде орындаушылық үлгісі анықталып, негізделді;
- 2) Қазақстан эстрада өнеріндегі этнофольклорлық ансамбльдердің репертуары анықталды;
- 3) Ұлттық әндердің сөз көркемдігі мен тіл өрнегі поэтикалық тұрғыда зерделенді. Эн мәтініндегі саз өнері жайлы эстетикалық түсініктердің сабактасуынан құралған пайымдаулардың бүгінгі кәсіби әншілердің өнерінде жалғасуы нақты дәлелдермен қарастырылды;
- 4) «The Magic of Nomads», «Қоңыр», «Тұран» ансамбльдерінің репертуары мен шығармалардың музикалық тілдік жүйесі музикатану ғылыми тұрғысынан кешенді талданып, этнофольклорлық топтарға тән стильдік ұстанымдар анықталды.

Диссертацияның әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңашылдық деңгейі:

Бірінші нәтижесе – жаңа, себебі ізденуші қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар жөніндегі зерттеуі этномузикатанудағы алғашқы ғылыми зерттеулердің қатарында;

Екінші нәтижесе – салыстырмалы түрде жаңа Қазақстан эстрадасындағы ұжымдардың өнері түркі халықтарының макомат өнерімен сабактастыра зерттелді;

Үшінші нәтижесе – жаңа полиэтникалық және моноэтникалық аспаптардың әрқайсысының стильдік бағдары зерттеліп, жарқын музикалық мәдениетте көрініс екені дәлелденді;

Төртінші нәтижесе – жаңа полиэтникалық және моноэтникалық аспаптардан құралған этнофольклорлық ансамбльдердің орындау үлгісі әлемдік деңгейде дәстүрлі музыканы насихаттауға бағытталғаны зерттеу жұмысында дәлелденді.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары әртүрлі ғылыми, ғылыми көпшілік мақалаларда, халықаралық және конференциялар материалдарында, арнағы отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған.

С. Майғазиевтың ғылыми енбегі біртұтастырымен ерекшеленеді. Диссиденттың зерттеулері мен тәжірибелері бір-бірімен байланысты болуы диссертацияның алға қойған мақсатын мәрекеге жеткізді. Жұмыс барысында алынған нәтижелер өзара байланысты және диссертациялық жұмыстың нақты құрылған міндеттеріне бағытталған көрnekіліктермен бірлікте алынған. Диссертация өте ықшам, нақты және мазмұнына негізделген.

Диссертацияның мазмұны мен құрылымына қатысты төмендегі сұрақтар, ұсыныстар мен ескерулер беріледі:

- 1) Диссертацияның «Аспаптың ансамбльдер шығармашылығындағы музикалық композиция түрлері» деп аталатын тараушысында

этнофольклорлық ансамбльдердің орындаудындағы ән және күйлердің ноталық үлгісі берілуі қажет.

2) «Қоңыр» және «Шапағат» топтарының орындаудында Молдабайдың әніне салыстырмалы музыкалық талдау берілсе, диссертацияның құндылығы сөзсіз арта түсер еді.

Сұрап:

1) Диссертацияның 21 бетінде «жыраулардың жыр иірімдері эстрадалық ансамбльдер шығармашылығының мазмұндық негіздерінің руханият бұлағына айналуына септігін тигізді» деп жаздыңыз, ол қандай шығармалар?

2) Қазіргі кезде этнофольклорлық ансамбльдердің жаңа орындау үлгісі қоғамда, осы саланы зерттеп жүрген дәстүрлі музыкатанушылар тарапынан қалай қабылдануда?

Диссертциялық жұмыстың ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкестігі:

С.Қ. Майгазиевтың докторлық диссертациясы – отандық және шетелдік музыкатану, сонымен қатар оған салалас ғылымдардың ғылыми жетістіктері пайдаланылып, саны жеткілікті әдебиеттерге сүйеніп жазылғанғылыми жұмыс.

Диссиденттың қол жеткізген ғылыми нәтижелерін онды бағалап, Майгазиев Сакен Кордабайұлының «Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)» атты докторлық диссертациялық еңбегін «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-бөлімінде көрсетілген талаптарға толық сай келеді және 6D041600 - Өнертану мамандығы бойынша осы диссертациялық еңбектің авторы Философия(PhD) докторы дәрежесіне әбден лайық деп есептеймін.

Ресми пікір білдіруші:
Философия (PhD) докторы,
Құрманғазы атындағы Казак ұлттық
консерваториясы «Халық әні»
кафедрасының меморандуморуашы


A. Күзебай